



ҚАУЛЫ

2025 жылғы 29 тамыз

Оскемен қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ *216*

город Усть-Каменогорск

**«Шығыс шақырады» қоныс аударуды қолдаудың өңірлік жоспарын
қабылдау туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына сәйкес, Шығыс Қазақстан облысынан тұрғындардың көшіп кетуін тежеу, демографиялық жағдайды жақсарту, бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау және ерікті қоныс аударуға жәрдемдесу мақсатында Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Шығыс шақырады» қоныс аударуды қолдаудың өңірлік жоспары қабылдансын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасарына жүктелсін.

**Шығыс Қазақстан облысының
әкімі**



Н. Сақтағанов

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
 «29» тамыз 2025 жылғы № 276
 қаулысына қосымша

**Шығыс Қазақстан облысының «Шығыс шақырады»
 қоныс аударуды қолдаудың өңірлік жоспары**

Паспорты

Өңірлік жоспардың атауы	Шығыс Қазақстан облысының «Шығыс шақырады» қоныс аударуды қолдаудың өңірлік жоспары (бұдан әрі – Өңірлік жоспар)
Өңірлік жоспарды әзірлеуге негіздеме	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Б. Көшербаевтың төрағалығымен 2025 жылғы 19 наурызда өткен жұмыс тобы отырысының хаттамасы
Өңірлік жоспарды әзірлеуші	Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы
Өңірлік жоспарды жүзеге асыруға жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдар	Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы; Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы; Шығыс Қазақстан облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы; Шығыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы; Шығыс Қазақстан облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы; Шығыс Қазақстан облысының қалалар мен аудандар әкімдіктері; Халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша өңірлік комиссия; «Отбасы банк» АҚ.
Өңірлік жоспардың мақсаты	ШҚО қала мен ауыл халқы саны арасындағы диспропорция мен дисбалансты жою, қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдау, сондай-ақ ішкі көші-қон есебінен еңбекке қабілетті халықтың ауылдық елді мекендерге көшуі
Өңірлік жоспардың міндеттері	Ауылдық елді мекендерге білікті кадрларды тарту; ауыл мектептерінің деңгейін сақтау және арттыру; келген білікті кадрларға қосымша қолдау көрсету; қоныс аударушылар мен қандастардың тұрақтап қалу коэффициентін арттыру; қоныс аудару бағдарламасы

Директор

	бойынша ауылдық елді мекендерге келген отбасыларға кешенді қолдау көрсету;
Өңірдің мемлекеттік жоспары бойынша халық саны	727 мың адам
Іске асыру мерзімі	2025 - 2028 жылдар
Өңірлік жоспардың мақсатты көрсеткіштері	1. Бизнесік бастамаларды жүзеге асыруға қайтарымсыз мемлекеттік гранттар беру мөлшері – 750 АЕК; 2. Облыс әкімінің тарапынан ауылдық елді мекендердің түлектеріне жоғары оқу орындарында оқу үшін оқу жылы бойына бір оқушыға 200 АЕК-тен аспайтын мақсатты білім гранттарын беру; 3. «Оңтүстік – Шығыс маманы» пилоттық жобасы – «Отбасы Банк» АҚ арқылы облыстық бюджеттен қаржыландыру есебінен қоныс аудару бағдарламасының қатысушыларына тұрғын үй алу үшін жеңілдетілген несие беру; 4. «Құтты өңір» пилоттық жобасы – барлық қаржыландыру көздері есебінен кейін сатуға немесе тұрғын үй салуға үйлерді қайта жаңғыртуға бизнесік қауымдастықтың қатысуы

2. Кіріспе

Еңбек күші тапшылығы бар Шығыс Қазақстан облысын еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету, ішкі және сыртқы көші-қон салдарынан туындаған өңірлік диспропорциялар мен демографиялық дисбаланстарды жою мәселелері 2017 жылдан бастап аумақтық ұтқырлықты ынталандыру және ерікті қоныс аударуды мемлекеттік қолдау арқылы шешілуде.

Еңбек ұтқырлығын арттыру мақсатында азаматтардың ерікті қоныс аударуы екі бағытта жүзеге асырылады:

1) Әлеуметтік кодекстің 112-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында айқындалған өңірлерге, өңірлік квоталар аясында қоныс аударушылар мен қандастарды қабылдау;

2) бір облыс шегінде.

Өңірлер арасындағы қоныс аудару еңбек ресурстары артық өңірлерден (бұдан әрі – шығу өңірлері) еңбек ресурстары тапшылығы бар өңірлерге (бұдан әрі – қабылдау өңірлері) жұмысқа орналасуға жәрдемдесу және кәсіпкерлік бастаманы қолдау шарттарымен жүзеге асырылады.

Ерікті қоныс аударушыларға мемлекеттік қолдау мыналарды қамтиды:

1) азаматтарға және олардың отбасы мүшелеріне көшуге арналған субсидиялар түрінде материалдық көмек көрсету, тұрғын үй жалдау (жалға алу) шығындарын және




коммуналдық қызметтерді төлеуді өтеу, сондай-ақ экономикалық ұтқырлық сертификаттарын төлеу;

2) жұмыс беруші қызметкерге тұрғын үй берген жағдайларды қоспағанда, қызметтік тұрғын үйлер немесе жатақхана бөлмелерін беру;

3) жұмыс берушінің қажеттілігі болған жағдайда кәсіби оқыту;

4) жаңадан тұратын тұрғылықты жерінде жұмыспен қамту және кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға жәрдемдесу;

5) еңбек күшінің ұтқырлығын арттыру мақсатында жұмыспен қамтуға арналған субсидияларды берумен ерікті қоныс аудару шараларына қатысатын жұмыс берушілерде жұмыспен қамтуға жәрдемдесу.

Шығу өңірлері ретінде Алматы, Жамбыл, Маңғыстау, Түркістан, Қызылорда Жетісу облыстары және Астана, Алматы, Шымкент қалалары анықталды.

3. Ағымдағы жағдайды талдау

2022 жылдан бастап Шығыс Қазақстан өңірінің халық саны 9 мыңнан астамға азайды (2022 жылғы 1 қаңтарға – 733 мың адам, 2023 жылғы 1 қаңтарға – 730 мың адам, 2024 жылғы 1 қаңтарға – 727 мың адам, 2025 жылғы 1 қаңтарға – 723,9 мың адам).

Ерікті қоныс аудару бағдарламасын жүзеге асыру кезеңінде (2017-2024 жылдар аралығы) мемлекеттік қолдау шараларын алу алдындағы немесе одан кейін кеткен тұлғалардың саны келген қоныс аударушылар мен қандастардың жалпы санының 20%-нан асады (келгендер – 5 505, кеткендер – 1 131 адам).

Қоныс аударушылардың кетуінің негізгі себептері – өңірдің табиғи-климаттық жағдайлары мен отбасылық жағдайлар.

Айта кету керек, азаматтарды қоныс аудару бойынша мемлекеттік қолдау шаралары халықтың кету үдерісін тереңдетуге жол бермей, облыс халқының санын сақтауға айтарлықтай көмек көрсетуде. 2025 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша халық саны 723,1 мың адамды құрады. 2025 жылғы қаңтар-ақпан айларында туғандар саны (1 126 адам) қайтыс болғандар санынан (1 324 адам) аз, табиғи кему – 198 адам.

Сонымен қатар, осы кезеңде көші-қонның теріс сальдосы қалыптасты – 616 адам, бұл ретте сыртқы көші-қон бойынша аздаған өсім байқалды (+19 адам).

Төмендегідей негізгі проблемалар мен үрдістер орын алуда:

сыртқы көші-қон саласында – сальдо оң, білікті кадрлардың кетуі уақытша тоқтатылған (маусымдық сипатта), жастар арасында көші-қонға бейімділік байқалады;

ішкі көші-қон саласында – облыс ішіндегі Өскемен қаласына көші-қон ағынының көбеюі, сондай-ақ Астана, Алматы және Шымкент қалаларына өңіраралық қоныс аудару, ішкі көші-қонның нақты есебінің болмауы, реттелмейтін ішкі көші-қон және әлеуметтік-экономикалық мәселелердің ушығуы;

этникалық көші-қон саласында – әлеуметтік-мәдени айырмашылықтар, тілдік кедергілер және кәсіби біліктіліктің болмауы салдарынан этникалық репатрианттардың интеграция деңгейінің төмендігі;

еңбек көші-қоны саласында – шетелге жұмыс істеуге кететін қазақстандықтарды есепке алу жүйесінің болмауы.

Ауылдық елді мекендердегі халық санын арттыру еңбек ресурстары артық өңірлерден және қандастар қатарынан келетін контингент үшін тартымды өмір сүру

Тараев

жағдайларын жасау – жайлы және сапалы тұрғын үймен қамтамасыз ету, сондай-ақ бизнес жүргізуге қолайлы жағдай жасау арқылы мүмкін болады.

Қандастар мен еңбек күші артық өңірлерден келген қоныс аударушыларды орналастыру үшін «тартымдылық орталықтарын» құру арқылы аудандарды дамыту әлеуметтік инфрақұрылымның (мектептердің) болуымен тығыз байланыстырылуы тиіс. Біздің ойымызша, басты назар инфрақұрылымы бар және мектептері жабылу қаупінде тұрған тірек ауылдарға аударылуы қажет.

Талап етілетін кадрларды, оның ішінде басқа өңірлерден келетіндерді тарту мәселесі «Шығыс маманы» бағдарламасы аясында энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласының қажетті мамандарына жеңілдікті ипотекалық кредиттеуді енгізу арқылы сәтті тәжірибеден өтті.

4. Өңірлік жоспардың мақсаты мен міндеттері

4.1 Мақсаты

ІШҚО қала мен ауыл халқының санындағы диспропорция мен дисбалансты жою, еңбекке қабілетті халықтың қандастар мен қоныс аударушылар есебінен ауылдық елді мекендерге ағымын қамтамасыз ету.

4.2 Міндеттері

Өңірлік жоспардың мақсатына жету үшін жұмыс келесі төрт бағыт бойынша жүргізіледі:

1) бизнестік бастамаларды жүзеге асыруға қайтарымсыз мемлекеттік гранттар беру мөлшері – 750 АЕК;

2) облыс әкімінің тарапынан ауылдық елді мекендердің түлектері, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының түлектері жоғары оқу орындарында оқу үшін оқу жылы бойына бір оқушыға 200 АЕК-тен аспайтын мақсатты білім гранттарын беру;

3) пилоттық жоба «Оңтүстік – Шығыс маманы» – қоныс аудару бағдарламасының қатысушыларына тұрғын үй сатып алу үшін «Отбасы банк» АҚ арқылы облыстық бюджеттен қаржыландыру есебінен жеңілдетілген несие беру.;

4) пилоттық жоба «Құтты өңір» – барлық қаржыландыру көздері есебінен тұрғын үйлерді қалпына келтіруге немесе салуға қайта жаңғыртуға және кейіннен сату үшін бизнес-қоғамдастықтың қатысуы.

4.3 Өңіраралық қоныс аудару аясында келген қандастар мен қоныс аударушыларға қолдау көрсету

Өңіраралық қоныс аудару аясында келген қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдау үшін ауылдық елді мекендердің тізімі халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік комиссияның шешімімен бекітіледі.

Инфрақұрылым мен әлеуметтік нысандардың болуына сәйкес, Шығыс Қазақстан облысы бойынша өңірлік жоспарды іске асырудың пилоттық аудандары ретінде 33 ауыл мен 2 кенттен тұратын 4 аудан анықталды:

- **Катонқарағай ауданы** – Катонқарағай, Ақсу, Коробиха, Аршаты, Өрел, Жаңа Үлгі, Белқарағай, Аққайнар, Жамбыл, Өрнек;
- **Марқакөл ауданы** – Марқакөл, Ақбұлақ, Боран, Қараой, Қазақстан, Қалжыр, Қарашілік;



- **Тарбағатай ауданы** – Ақжар, Қабанбай, Жетіарал, Жаңаауыл, Жаңалық, Жаңатілеу, Күйған, Қарасу, Шорға, Маңырақ, Асусай, Ахметбұлақ ауылдары, Тұғыл кенті;

- **Самар ауданы** – Самар, Мариногорка, Миролубовка, Джумба.

Ауылдық елді мекендер мен ауылдардың тізбесі ағымдағы демографиялық жағдайға және ауданның инфрақұрылымдық дайындықтары мен әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін ескере отырып, әлеуметтік қамтамасыз ету деңгейіне байланысты кеңейтілуі мүмкін.

Өңірлік қоныс аудару жоспары аясында пилоттық аудандарға қандастар мен қоныс аударушылар қатарынан 80 адамды қабылдау жоспарлануда.

Жоспарды жүзеге асырудың күтілетін әлеуметтік-экономикалық әсерлері:

1. Ауыл халқының жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету және табыс деңгейін арттыру:

- бағдарлама қатысушыларын тұрақты және уақытша жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету (соның ішінде субсидияланатын жұмыс орындарына қатыстыру арқылы);

- креативті индустрияда жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға және туристік қызметті дамытуға гранттар беру арқылы пилоттық аудандарда кәсіпкерлікті дамыту;

- шаруа қожалықтарында (фермер) жұмыспен қамтуға жәрдемдесу.

2. Шекаралас ауылдардың әлеуметтік-экономикалық нығайтуы:

- қоныс аударушылар мен қандастарды қабылдау үшін заманауи талаптарға сай тұрғын үй қорының қалыптасуы;

- ауыл жастарын, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының түлектерін жоғары оқу орындарында гранттық оқыту арқылы өңірді сұранысқа ие кәсіби кадрлармен қамтамасыз ету;

- мектептердің мәртебесін оқушы санын арттыру арқылы нығайту, мектептер мен басқа да әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының жабылу қаупін азайту;

- ауылдық аумақтардың облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосатын үлесін, соның ішінде ауыл шаруашылығының тиімділігі мен өнімділігін ұлғайту арқылы арттыру;

- ауыл халқының негізгі қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, өмір сапасын жақсарту;

- ауыл мектептерінде мектеп жасындағы балаларды кепілді түрде орналастыру.

3. Шекаралас аудандардағы демографиялық жағдайды жақсарту:

- стратегиялық маңызды шекаралас елді мекендерге қоныс аударушылар мен қандастардың тұрақты тұруы үшін қолайлы жағдайлар жасау;

- халқы аз ауылдарда жұмыспен қамту деңгейін арттыру, кәсіпкерлікті және тіршілік әрекетін дамыту;

- тұрақты әрі өмір сүруге қолайлы ауылдық қауымдастықтарды қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

- ШҚО халқының демографиялық құрылымын жақсарту және ауылдық білім беру ұйымдары желісін сақтау;

- ауыл шаруашылығы мен шағын кәсіпкерлікте жұмыс істейтіндердің санын арттыру, креативті индустрия мен туристік саланы дамыту;

- ауылдық жерлерден халықтың кетуін азайту және ауылдардың өмір сүруге тартымдылығын арттыру;




- шекара маңындағы аумақтарды нығайту және олардың әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын арттыру;
- ішкі көші-қон және халықтың еңбек ұтқырлығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың тиімділігін арттыру;
- қоныс аударушылар мен қандастарды қабылдау есебінен ауылдық елді мекендерге еңбекке қабілетті халықтың ағымын қамтамасыз ету.

5. Жоспардың негізгі бағыттары, қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары, тиісті шаралар

Аталған бағдарлама 4 бағыт бойынша іске асырылады:

5.1. Бизнестік бастамаларды жүзеге асыруға қайтарымсыз мемлекеттік гранттар беру мөлшері – 750 АЕК.

Осы бөлімде кәсіпкерлік бастамаларды қолдау мақсатында 750 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қайтарымсыз мемлекеттік гранттар беру арқылы іс-шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібі айқындалады.

Гранттар Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес (бұдан әрі – Кодекс) беріледі және қоныс аударушылар мен қандастардың қабылдаушы өңірлерде өзін-өзі жұмыспен қамтуын ынталандыруға, шағын бизнесті дамытуға және экономикалық белсенділікті арттыруға бағытталған.

Гранттар берудің мақсаты – жаңа тұрғылықты жерлерде жеке бизнес бастамаларды іске асыру арқылы азаматтарды тұрақты жұмыспен қамту мен экономикалық интеграциялауға жағдай жасау.

5.2. Облыс әкімінің тарапынан ауылдық елді мекендердің түлектеріне жоғары оқу орындарында оқу үшін оқу жылы бойына бір оқушыға 200 АЕК-тен аспайтын мақсатты білім гранттарын беру.

Ауылдық елді мекендердің түлектері үшін жоғары білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету және «Шығыс шақырады» өңірлік көші-қонды қолдау жоспарын іске асыру аясында 4 пилоттық аудан үшін сұранысқа ие білікті кадрларды даярлау.

5.3. «Оңтүстік – Шығыс маманы» пилоттық жобасы

Облыстық бюджет қаражаты есебінен «Отбасы банк» АҚ арқылы «Оңтүстік – Шығыс маманы» пилоттық жобасы шеңберінде жеңілдетілген ипотекалық несие беру жоғары білікті қоныс аударушылар мен қандастарды қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз етуге, сондай-ақ оларды қабылдаушы аудандарда тұрақтандыру мен интеграциялауға ықпал етеді.

5.4. «Құтты өңір» пилоттық жобасы

Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдарды ерікті түрде қоныс аудару қағидаларына сәйкес «Құтты өңір» пилоттық жобасы аясында пилоттық аудандардың ауылдарында қоныс аударушылар мен қандастарды тұрақты орналастыру және оларға қолайлы жағдай жасау.





ҚАУЛЫ

29 августа 2025 года
Оскемен қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ *216*
город Усть-Каменогорск

**О принятии Регионального плана поддержки переселения
«Шығыс шақырады»**

В соответствии с пунктом 2 статьи 27 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» в целях принятия мер по приостановке оттока населения из Восточно-Казахстанской области, обеспечению улучшения демографической ситуации, создания условий для развития бизнеса и содействия добровольному переселению, Восточно-Казахстанский областной акимат **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Принять прилагаемый Региональный план поддержки переселения «Шығыс шақырады».
2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на первого заместителя акима области.

**Аким
Восточно-Казахстанской области**



Н. Сактаганов

Приложение к постановлению Восточно-Казахстанского областного акимата от
«29» августа 2025 года
№ 216

**Региональный план поддержки переселения
Восточно-Казахстанской области «Шығыс шақырады»**

Паспорт

Наименование Плана	Региональный план поддержки переселения Восточно-Казахстанской области «Шығыс шақырады» (далее – Региональный план)
Основание для разработки	Протокол заседания рабочей группы от 19 марта 2025 года под председательством заместителя Премьер-Министра РК Кошербаева Е.Б.
Разработчик Регионального плана	Управление координации занятости и социальных программ Восточно-Казахстанской области
Государственные органы и организации, ответственные за реализацию Регионального плана	Управление координации занятости и социальных программ Восточно-Казахстанской области; Управление образования Восточно-Казахстанской области; Управление строительства, архитектуры и градостроительства Восточно-Казахстанской области; Управление энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Восточно-Казахстанской области; Управление экономики и бюджетного планирования Восточно-Казахстанской области; акиматы городов и районов Восточно-Казахстанской области; Региональная комиссия по вопросам занятости населения; АО «Отбасы банк»
Цель Регионального плана	Устранение диспропорций и дисбаланса в численности городского и сельского населения ВКО, приток трудоспособного населения в сельские населенные пункты за счет приема кандасов и переселенцев, а также внутреннего переселения
Задачи Регионального плана	Привлечение квалифицированных кадров в сельские населенные пункты; сохранение и повышение уровня сельских школ; оказание дополнительных мер поддержки прибывшим квалифицированным кадрам; повышение коэффициента приживаемости переселенцев и кандасов;

Сергей

	оказание комплексных мер поддержки семей, прибывших в сельские населенные пункты по программе переселения
Численность населения по Государственному плану региона	727 тыс. человек
Сроки реализации	2025 - 2028 годы
Целевые индикаторы Регионального плана	1. Предоставление безвозмездных государственных грантов на реализацию бизнес-инициатив в размере 750 МРП; 2. Предоставление целевых образовательных грантов акима области выпускникам сельских населенных пунктов для обучения в высших учебных заведениях в размере не более 200 МРП на одного учащегося в учебный год; 3. Пилотный проект «Оңтүстік – Шығыс маманы» по льготному кредитованию на приобретение жилья для участников программы переселения за счет финансирования из областного бюджета через АО «Отбасы Банк» 4. Пилотный проект «Құтты өңір» по участию бизнес-сообщества в восстановлении домов для последующей продажи и строительству жилья за счет всех источников финансирования

2. Введение

Вопросы обеспечения трудовыми ресурсами Восточно-Казахстанской области, имеющей дефицит рабочей силы, устранения региональных диспропорций и демографических дисбалансов, возникших вследствие внутренней и внешней миграции, решаются с 2017 года за счет стимулирования территориальной мобильности и государственной поддержки добровольного переселения.

Добровольное переселение лиц для повышения трудовой мобильности осуществляется по двум направлениям:

- 1) в регионы, определенные подпунктом 2) пункта 3 статьи 112 Социального Кодекса, в рамках региональных квот приема переселенцев и кандасов;
- 2) в пределах одной области.

Межрегиональное переселение осуществляется из трудоизбыточных регионов (далее – регионы выбытия) в трудодефицитные регионы (далее – регионы приема) при условиях содействия в трудоустройстве и поддержки предпринимательской инициативы.

Государственная поддержка добровольно переселяющихся лиц включает:

- 1) предоставление лицам и членам их семей материальной помощи в виде субсидий на переезд, возмещение расходов по найму (аренде) жилья, оплате коммунальных услуг, а также выплате сертификатов экономической мобильности;



2) предоставление служебных жилищ или комнат в общежитиях, за исключением случаев, когда работодатель предоставляет работнику жилое помещение;

3) профессиональное обучение при наличии потребности работодателя;

4) содействие в трудоустройстве и предпринимательской инициативе на новом месте жительства;

5) содействие в трудоустройстве у работодателей, участвующих в мерах добровольного переселения для повышения мобильности рабочей силы, с предоставлением субсидий на трудоустройство.

Регионами выбытия определены: Алматинская, Жамбылская, Мангистауская, Туркестанская, Кызылординская области, область Жетісу и города Астана, Алматы и Шымкент.

3. Анализ текущей ситуации

Численность населения в Восточно-Казахстанском регионе с 2022 года снизилась более чем на 9 тыс. человек (на 1 января 2022 года – 733 тыс. человек, на 1 января 2023 года – 730 тыс. человек, на 1 января 2024 года 727 тыс. человек, на 1 января 2025 года – 723,9 тыс. человек).

За период реализации программы добровольного переселения (с 2017 по 2024 год), количество лиц, уехавших до или после получения мер государственной поддержки, составляет более 20% от общего количества прибывших переселенцев и кандасов (прибыло 5 505, выбыло 1 131 человек).

Основными причинами выезда переселенцев являются природно-климатические условия региона и семейные обстоятельства.

Следует отметить, что государственная поддержка по переселению граждан не дает обострить ситуацию с оттоком населения и оказывает существенную помощь в сохранении численности населения нашей области, которая на 1 марта текущего года составила 723,1 тыс. человек. За январь-февраль 2025г. число родившихся (1126 человек) меньше числа умерших (1324 человека), естественная убыль 198 человек.

Кроме того, за этот же период сложилось отрицательное сальдо миграции, которое составило – 616 человек, при этом по внешней миграции незначительный приток (+19 человек).

Имеют место следующие основные проблемы и тенденции:

в сфере внешней миграции – сальдо положительное, отток квалифицированных кадров временно приостановлен (сезонность), имеет место миграционное настроение среди молодежи;

в сфере внутренней миграции – усиление внутриобластного миграционного потока в город Усть-Каменогорск, а также межрегиональное переселение в города Астана, Алматы и Шымкент, отсутствие точного внутреннего миграционного учета, нерегулируемая внутренняя миграция и обострение социально-экономических вопросов;

в сфере этнической миграции – низкая интеграция этнических репатриантов по причине социокультурных различий, языкового барьера, отсутствие квалификационных профессиональных навыков;

в сфере трудовой миграции – отсутствие системы учета казахстанцев, выезжающих за пределы страны для осуществления трудовой деятельности.



Увеличение численности сельского населения возможно через создание привлекательных условий проживания в селах для прибывающего контингента из трудоизбыточных регионов и кандасов – предоставление качественного жилья для проживания и создание благоприятных условий ведения бизнеса.

Развитие районов через создание «центров притяжения» для расселения кандасов и переселенцев из трудоизбыточных регионов должно быть увязано с наличием социальной инфраструктуры (школ). Акцент, с нашей точки зрения, должен делаться на те опорные села, где имеется инфраструктура и школы находятся на грани закрытия.

Решение вопроса привлечения востребованных кадров, в том числе из других регионов, успешно апробировано через льготное ипотечное кредитование востребованных специалистов сферы энергетики и жилищно-коммунального хозяйства в рамках программы «Шығыс маманы».

4. Цель и задачи Регионального плана

4.1 Цель

Устранение диспропорций и дисбаланса в численности городского и сельского населения ВКО, приток трудоспособного населения в сельские населенные пункты за счет приема кандасов и переселенцев.

4.2 Задачи

Для достижения цели Регионального плана работа будет проводиться по следующим четырем направлениям:

1) предоставление безвозмездных государственных грантов на реализацию бизнес-инициатив в размере 750 МРП;

2) предоставление целевых образовательных грантов акима области выпускникам сельских школ и организаций технического и профессионального образования для обучения в высших учебных заведениях и в размере не более 200 МРП на одного учащегося в учебный год;

3) пилотный проект «Оңтүстік – Шығыс маманы» по льготному кредитованию на приобретение жилья для участников программы переселения за счет финансирования из областного бюджета через АО «Отбасы Банк»;

4) пилотный проект «Құтты өңір» по участию бизнес-сообщества в восстановлении домов для последующей продажи и строительству жилья за счет всех источников финансирования.

4.3 Поддержка кандасов и переселенцев, прибывших в рамках межрегионального переселения

Перечень сельских населенных пунктов для приема кандасов и переселенцев, прибывших в рамках межрегионального переселения, утверждается решением региональной комиссии по вопросам занятости населения.

Согласно наличию инфраструктуры и социальных объектов, пилотными районами реализации Регионального плана по Восточно-Казахстанской области определены 4 района в составе 33 сёл и 2 посёлков:

- **Катон-Карагайский район** – сёла Катон-Карагай, Аксу, Коробиха, Аршаты, Урыль, Жана Ульгы, Белкарагай, Аккайнар, Жамбыл, Орнек;
- **район Марқакөл** – сёла Марқакөл, Акбулак, Буран, Караой, Казахстан, Калжир, Карашилик;

Журиев

- **Тарбагатайский район** – сёла Акжар, Кабанбай, Жетыаралл, Жанаауыл, Жаналык, Жанатилеу, Куйган, Карасу, Шорга, Манырак, Асусай, Ахметбулак; посёлок Тугыл;

- **Район Самар** – сёла Самарское, Мариногорка, Миролубовка, Джумба.

Перечень населенных пунктов и сёл может быть расширен в зависимости от текущей демографической ситуации и уровня социальной обеспеченности территории, с учётом инфраструктурной готовности и социально-экономических потребностей района.

В пилотные районы планируется принять в рамках Регионального плана переселения 80 человек из числа кандасов и переселенцев.

Ожидаемые социально-экономические эффекты реализации плана:

1. Обеспечение занятости и повышение уровня доходов сельского населения:

- обеспечение участников программы постоянной и временной занятостью (в том числе через участие в субсидируемых рабочих местах);
- развитие предпринимательства в пилотных районах через предоставление грантов на реализацию новых бизнес-идей в креативной индустрии и развитии туристической деятельности;
- содействие трудоустройству в крестьянских (фермерских) хозяйствах.

2. Социально-экономическое укрепление приграничных сёл:

- формирование жилого фонда, отвечающего современным требованиям, для приема переселенцев и кандасов;
- обеспечение региона востребованными профессиональными кадрами через грантовое обучение в высших учебных заведениях сельской молодежи а также выпускников технического профессионального образования;
- укрепление статуса школ путём увеличения количества учащихся, снижение риска закрытия школ и других объектов социальной инфраструктуры;
- увеличение вклада сельских территорий в социально-экономическое развитие области, в том числе за счёт повышения эффективности и производительности сельского хозяйства;
- улучшение качества жизни через обеспечение доступа сельского населения к базовым услугам;
- гарантированное размещение детей школьного возраста в сельских школах;

3. Улучшение демографической ситуации в приграничных районах:

- создание благоприятных условий для постоянного проживания прибывших переселенцев и кандасов в стратегически важных приграничных населённых пунктах;
- повышение уровня занятости, развитие предпринимательства и жизнедеятельности в малонаселённых сёлах;
- формирование устойчивых и жизнеспособных сельских сообществ.

Ожидаемые результаты:

- улучшение демографической структуры населения ВКО и сохранение сети сельских образовательных учреждений;




- рост числа занятых в сельском хозяйстве и малом предпринимательстве, развитие креативной индустрии и туристической сферы;
- снижение оттока населения из сельской местности и повышение привлекательности сёл для проживания;
- укрепление приграничных территорий и повышение их социально-экономической стабильности;
- повышение эффективности реализации государственной политики в сфере внутренней миграции и трудовой мобильности населения;
- приток трудоспособного населения в сельские населенные пункты за счет приема переселенцев и кандасов.

5. Основные направления, пути достижения поставленных цели и задач плана, соответствующие меры

Данная программа будет реализовано по 4-ем направлениям:

5.1. Предоставление безвозмездных государственных грантов на реализацию бизнес-инициатив в размере 750 МРП.

Настоящий раздел определяет порядок организации и финансирования мероприятий по поддержке предпринимательской инициативы через предоставление безвозмездных государственных грантов в размере 750-кратного месячного расчетного показателя.

Гранты предоставляются в соответствии с пунктом 2 статьи 110 Социального кодекса Республики Казахстан (далее – Кодекс), и направлены на стимулирование самозанятости, развитие малого бизнеса и экономической активности переселенцев и кандасов в принимающих регионах.

Цель предоставления грантов – создание условий для устойчивой занятости и экономической интеграции граждан за счет реализации собственных бизнес-инициатив в новых местах проживания.

5.2 Предоставление целевых образовательных грантов акима области выпускникам сельских населенных пунктов для обучения в высших учебных заведениях в размере не более 200 МРП на одного учащегося в учебный год.

Обеспечение доступности высшего образования для выпускников сельских населённых пунктов и подготовки востребованных квалифицированных кадров для 4-х пилотных районов в рамках реализации Регионального плана поддержки переселения «Шығыс шақырады».

5.3. Пилотный проект «Оңтүстік – Шығыс маманы»

Предоставление льготного ипотечного кредита через АО «Отбасы Банк» за счет средств областного бюджета в рамках пилотного проекта «Оңтүстік – Шығыс маманы» позволит обеспечить доступным жильем переселенцев и кандасов, имеющим высокий уровень квалификации, и способствовать их устойчивому закреплению и интеграции в районах приема.

5.4. Пилотный проект «Құтты өңір»

В соответствии с Правилами добровольного переселения лиц для повышения мобильности рабочей силы создать благоприятные условия для добровольного переселения и устойчивого обустройства переселенцев и кандасов в сельских пилотных районах в рамках пилотного проекта «Құтты өңір».

Дураев